

Қонақ үй қызметтерін көрсетуге ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

Ақтау қ.

2025 жылғы «20» сәуір

Бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын «Фомин Д.А.» жеке кәсіпкері, 2010 жылғы 10 мамырдағы № 1128 сенімхат негізінде әрекет ететін қонақүй басқарушысы Цыган Ольга Ивановна тұлғасында, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын кез келген тұлғамен осы Шартты жасасады. Шарт жария оферта (Тапсырыс берушінің шарт жасасуға жария ұсынысы) жолымен жасалатын ақылы негізде қонақүй қызметтерін көрсету туралы келісім болып табылады және осы шартты оны акцептеу жолымен (офертаны толық және сөзсіз қабылдау) жасасатын, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын «Орындаушы» мен «Тапсырыс беруші» арасында осыған байланысты туындайтын қызметтер көрсету тәртібі мен міндеттемелерді регламенттейді. Осы Шарттың мәтіні www.zhanaotel.kz сайтында, «ЖаңаOtel» қонақүйінде 1-кабаттың залында орналастыру қызметінің тағанында орналастырылған. «Тараптар» төмендегілер туралы осы Қонақүй қызметтерін көрсетуге жария оферта шартын жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. «Орындаушы» осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде «Тапсырыс берушіге» тұру үшін орын ұсыну бойынша қонақүй қызметтерін, басқа да қосымша қызметтерді прејскуранттарға сәйкес (Прејскуранттар, «ЖаңаOtel» қонақүйінде (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қонақ үй») 1-ші қабаттың залында орналастыру қызметінің тағанында және www.zhanaotel.kz сайтында орналастырылған) көрсетуге міндеттенеді, ал «Тапсырыс беруші» көрсетілген қызметтерді заңды күші бар және тараптар қол қойған шартқа тең болып табылатын осы Шартта көзделген мерзімдер мен тәртіппен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Қонақүй қызметтерін көрсетуге жария оферта шартының (бұдан әрі мәтін бойынша - «Шарт») төменде баяндалған талаптарының (акцептінің) толық және сөзсіз қабылданғанын растайтын факт Тапсырыс берушінің Орындаушының қызметтерін төлеуі және (немесе) Тапсырыс берушінің белгіленген үлгідегі өтінімді (немесе брондау нысанындағы қонақүй қызметтеріне тапсырысты) жеке толтыруы болып табылады, бұл Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында осы Шартта баяндалған талаптарда қонақүй қызметтерін көрсетуге шарт жасасуға тең.

1.3. Осы Шарт акцепті бойынша іс-әрекеттер жасай отырып, Тапсырыс беруші өзінің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің Орындаушымен шарттық қатынастарға түсуге заңды құқығын растайды.

1.4. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 4-шағын аудан, 84 - ғимарат, «ЖаңаOtel» қонақ үйі.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Орындаушы міндеттенеді:

2.1.1. Осы Шарттың қолданылуы барысында Қонақүйде бос орындар болған кезде Тапсырыс берушіге өз күшімен, қаражатымен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып қызметтер көрсетуге.

2.1.2. Қонақүй қызметтері туралы қажетті және сенімді ақпарат беруге, оларды дұрыс таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге.

2.1.3. Тиісті сападағы қонақүй қызметтерін көрсетуге.

2.1.4. «ЖаңаOtel» қонақ үйінде тұру қызметтерінің преysкурантына» сәйкес көрсетілетін қонақүй қызметтерінің құны туралы ақпарат ұсынуға. Тапсырыс берушіге тұру қызметтерін көрсетуге байланысты барлық өзгерістер, толықтырулар туралы мәліметтерді уақтылы хабарлауға. Ақпарат Қонақүйде 1-ші қабаттың залында орналастыру қызметінің тағанында орналастырылады.

2.1.5. Тапсырыс берушіге Қонақүйде орналастыруға және тұруға, өзге де ақылы қызметтерді ұсынуға байланысты барлық қажетті ресімделген құжаттарды беруге.

2.1.6. Шарт бойынша қызметтер көрсету кезінде және Тараптар келіскен мерзімдерде туындаған кемшіліктерді жоюға.

2.1.7. Тапсырыс берушінің келу күніне бос орындардың болуына сәйкес тұруды қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушінің алдын ала брондауы кезінде орындар орналастыруға арналған тапсырысқа/ өтінімге сәйкес ұсынылады. Келу күні брондалған орын болмаған жағдайда қосымша ақы алынбай, баламалы нөмір немесе жоғарырақ сыныптағы нөмір ұсынылады.

2.1.8. Орындаушының қонақүй қызметтерін брондау үшін Тапсырыс беруші үшін барлық толық ақпаратты сайтта/орналастыру қызметінің тағанында орналастыруға. Тапсырысты/өтінімді алған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге қонақүй қызметтерін олардың құнын көрсете отырып ұсыну мүмкіндігін растауға. Тапсырыс беруші мәлімдеген талаптарда брондау мүмкін болмаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға және балама талаптарда брондауды ұсынуға. Төлем Тапсырыс берушінің төлем деректемелері бойынша аванстық төлеммен жүргізілуі мүмкін немесе Тапсырыс берушінің тапсырысына/өтініміне сәйкес жеке есепшот ұсынылуы мүмкін. Уақтылы келмеген немесе келмеген кезде Тапсырыс берушіге 10 (он) банктік күн ішінде көзделген айыппұлдарды шегергендегі ақшалай қаражат қайтарылады, айыппұл сомасы мәлімделген тәуліктік тұру құнынан аспауға тиіс.

2.1.9. Тапсырыс берушіге оның келісімімен «ЖаңаOtel» қонақ үйіндегі қосымша қызметтерге преysкурантқа» сәйкес ақылы негізде Қосымша қызметтер көрсетуге. Егер Орындаушы Қосымша қызметтерді Тапсырыс берушінің келісімінсіз көрсетсе, Тапсырыс беруші мұндай қызметтерге ақы төлеуден бас тартуға құқылы.

2.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

2.2.1. Қонақүй қызметтерін көрсету тәртібімен, осы Шартпен, қонақүй қызметтерін көрсетуге байланысты өзге де ішкі регламенттейтін құжаттармен танысуға.

2.2.2. Орналастыру қызметіне Қонақүйге қоныстану үшін қажетті жеке деректерді ұсынуға, «Сауалнама/Брондау картасын» толтыруға.

2.2.4. Орындаушының қызметтеріне осы Шартта және келу күніндегі қолданыстағы Прейскуранттарда белгіленген мөлшерде, мерзімде және тәртіппен ақы төлеуге.

2.2.5. Орындаушының қызмет көрсету орнына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге.

2.2.6. Қонақүйде тұру кезінде Қонақүйде тұру ережелерін, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін, тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану ережелерін, осы Оферта шартын сақтауға.

2.2.7. Қонақүй нөмірін уақтылы тапсыруға, бар берешекті шығу күніне төлеуге, қажет болған жағдайда мүліктің жинақталмауынан (мүліктің жоғалуынан) немесе бүлінуінен келтірілген залалды төлеуге, төлемді қолданыстағы «ЖаңаOtel» қонақүйіндегі залалды өтеуге прейскурантқа» сәйкес жүргізуге.

Қонақүйге келу уақыты 13.00, есептік сағат 12.00

Есептік уақыт орналастыру қызметінде магниттік картаны тапсыру сәтінде белгіленеді.

Есептік сағаттан кейін тұру мерзімі ұзартылған жағдайда тұру ақысы келесідей алынады:

13.00-ден 00.00-ге дейін кеш шығу үшін нөмірдің тәуліктік құнының 50% төленеді, 00.00-ден кеш шыққан жағдайда төлем тәулік үшін алынады.

Ерте келу: есептік сағатқа дейін қоныстанған кезде: 06.00-ден 13.00-ге дейін нөмірдің тәуліктік құнының 50% төленеді, 06.00-ден ерте келген жағдайда төлем тәулік үшін алынады. Келесі тәуліктер тұру жағдайында.

22.00-ден 13.00-ге дейін қоныстанған кезде төлем түнгі тариф бойынша алынады.

2.2.8. Қонақүймен тыйым салынады:

- Қонақүйге алкогольдік сусындарды әкелуге;
- жануарлармен бірге тұруға;
- тұруға арналған орындарда көзделгеннен көп адамдардың нөмірлерде тұруына;

- Қонақүйде темекі өнімдерін, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді, оларға арналған электронды тұтыну жүйелерін және сұйықтықтарды шегуге.

Соңғы жағдайда, осы талапты бұзған келушіні (тапсырыс берушіні, клиентті және т.б.) анықтаған кезде 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде айыппұл санкциясы қолданылады, оны соңғысы Қонақүйдің талабы бойынша 1 жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

2.2.9. Нөмірлерде және Қонақүйде тазалықты, тыныштықты және қоғамдық тәртіпті сақтауға.

2.2.10. Қонақүй нөмірінің магниттік картасын бөгде адамдарға бермеуге. Тапсырыс беруші өзіне шақырылған үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауап береді.

2.2.11. Қонақүй нөмірінен шыққан кезде терезелерді, крандарды жабуға, шамдарды, теледидарды сөндіруге, бөлмені жабуға.

2.2.12. Осы Офертаның талаптарымен және тұру тәртібін айқындайтын Орындаушының ішкі регламенттейтін құжаттарымен келісуге, Орындаушы осы Шарт бойынша көрсеткен қызметтерді толық көлемде қабылдауға.

2.2.13. Тапсырыс беруші келмеген жағдайда, Тапсырыс беруші брондау күніндегі қолданыстағы бағалар преysкурантына сәйкес пайдаланылмаған бронь үшін 1 (бір) тәулік мөлшерінде тұру үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Тапсырыс беруші Қонақүйді брондаудың күшін жою туралы брондауға тапсырыста/өтінімде көрсетілген келу уақыты мен күнінен кемінде 24 сағат бұрын хабардар етуі тиіс. Өзге жағдайда, Қонақүй брондаудың бірінші күніндегі бөлме құнының 100 % ұстап қалуға құқылы.

Брондаудың тегін күшін жою брондауға тапсырыста/өтінімде көрсетілген келу уақыты мен күнінен 24 сағат немесе одан да көп уақыт бұрын бронь күшін жойған кезде жарамды.

Брондауға тапсырыс/өтінім талаптарына өзгерістер, толықтырулар және/немесе түзетулер енгізу брондауға тапсырыста/өтінімде көрсетілген келу уақыты мен күнінен 24 сағат бұрын шектеусіз рет қабылданады.

Тіркеу уақыты (келу) - күндізгі 13:00; Шығу уақыты – күндізгі 12:00.

Ерте тіркеуді жүзеге асыруға (13:00-ге дейін) алдын ала брондау және келесі тәртіппен ерте келу құнын төлеу жағдайында ғана кепілдік беруге болады:

- 06.00-ден 13.00-ге дейін келу кезінде, егер клиент келесі тәулікке бронь жасаса, нөмірдің тәуліктік құнының 50% төленеді;

- 06.00-ден ерте келген жағдайда төлем тәулік үшін алынады.

Кеш шығуды жүзеге асырғаны үшін төлем мынадай тәртіппен алынады:

- 00:00-ге дейін нөмірдің тәуліктік құнының 50% төленеді;

- 00:00-ден кейін төлем бір тәулік үшін алынады.

2.3. Орындаушы құқылы:

2.3.1. Тапсырыс берушіден орналастыру кезінде жеке деректерді ұсынудың дұрыстығын растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге.

2.3.2. Тапсырыс берушіге орналастырудан бас тартуға:

- Қонақүйде болу ережесі, осы Шарт бұзылған жағдайда;
- егер клиент алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде болса;
- қоғамдық тәртіп бұзылған жағдайда;
- мәлімделген қызметтерге ақы төлеу шарттары бұзылған жағдайда;
- осы Оферта шартының талаптарымен және тұру тәртібін айқындайтын Қонақүйдің ішкі регламенттейтін құжаттарымен келісуден бас тартқан кезде;

2.3.4. Тапсырыс берушіден Қонақүйдің залында 1-қабатта, басқа да қоғамдық орындарда және осы Шартта орналастырылған ережелер бойынша қонақүй қызметтеріне тапсырыс беру мен брондаудың барлық рәсімдерін қатаң сақтауды талап етуге. Тапсырыс беруші қандай іс-әрекеттер жасаса да, Орындаушы осы ережелерді толық сақтай отырып жасалған іс-әрекеттер мен рәсімдердің тиісінше орындалуына ғана жауапты болады.

2.3.5. Орналастыруды ресімдеу кезінде Тапсырыс берушіден осы Шарттың талаптарымен және ішкі регламенттейтін құжаттармен толық келісуді талап етуге. Осы Шарттың талаптарымен және ішкі регламенттейтін құжаттармен келіспесе, Тапсырыс берушіге қонақүй қызметтерін көрсетуден бас тартуға.

2.3.6. Қонақүй талаптары бойынша көрсетілген қызметтердің толық құнын немесе Тапсырыс беруші келтірген залалды Прейскурант бойынша Тапсырыс берушіден ұстап қалуға немесе төлеуді талап етуге. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушының іс-әрекетін толық заңды деп таниды және шағымдары жоқ.

2.3.7. Тұрғылықты жері бойынша бір тәуліктен артық қонақ (немесе оның есептік сағаты басталған сәттен бастап 6 сағат өткен соң) болмаған кезде Қонақүй әкімшілігі комиссия құруға және қонақты шығарып жіберуге құқылы, бұл ретте нөмірдегі мүліктің тізбесін және қажет болған жағдайда бейнежазбамен жасауға құқылы. Ақшалай қаражат, бағалы металдар, бағалы құжаттар түріндегі материалдық құндылықтарды әкімшілік қонақ келгенге дейін сақтауға алады.

2.4. Тапсырыс беруші құқылы:

2.4.1. Мәлімделген және төленген қызметтерді келісілген талаптарда толық көлемде алуға.

2.4.2. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Қонақүйде тұру қызметтерінен бас тартуға құқылы, бұл ретте Қонақүй талаптарында орналастыру қызметімен өзара есеп айырысуды жүргізуге міндетті.

2.4.3. Тапсырыс беруші кез келген уақытта тапсырыстан/өтінімнен (орынды брондаудан) бас тартуға құқылы.

Тапсырысты/өтінімді алдын ала төлегеннен кейін тапсырыстан/өтінімнен кеш бас тартқан немесе келмеген жағдайда, ақшаны қайтару осы Шарттың 2.2.13-тармақшасында көзделген айыппұл санкцияларын ескере отырып жүзеге асырылады.

2.4.4. Қызмет көрсетудің елеулі талаптарына қатысты тапсырысқа/өтінімге өзгерістер енгізу кезінде (орналастыру объектісін, қызмет көрсетудің басталу немесе аяқталу күнін өзгерту және т.б.) бұл өзгерістер қонақүй қызметтерін брондауға жаңа тапсырыс/өтінім болып саналады, бастапқы тапсырыс/өтінім жойылуға жатады. Тапсырыс берушінің тиісті жазбаша өтінішін Орындаушы алған күн тапсырысты/өтінімді өзгерту немесе жою күні болып есептеледі. Тапсырыстың/өтінімнің күшін жою талаптары Орындаушы анықтаған күшін жою талаптарына байланысты.

3. Қызметтердің құны және есеп айырысу тәртібі

3.1. Орындаушы қызметтерінің құны Тапсырыс берушіден тапсырысты/өтінімді қабылдау сәтінде қолданыстағы «ЖаңаOtel» қонақүйінде тұру қызметтеріне прејскурантка», сондай-ақ «ЖаңаOtel» қонақүйіндегі қосымша қызметтерге прејскурантка» сәйкес есептеледі.

4. Қызметтер ұсыну тәртібі

4.1. Ұсынылатын қызметтердің сапасы осы Шарттың талаптарына және әдетте осы қызметтерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

4.2. Қонақүйде тұру тәртібін Орындаушы белгілейді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

5.2. Тапсырыс беруші ұсынған растайтын мәліметтер мен құжаттардың дәйексіздігі, жеткіліксіздігі немесе уактылы еместігі салдарынан туындаған, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан осы Офертаның талаптарын басқа да бұзушылықтар салдарынан туындаған қызметтер өз тарапынан немесе үшінші тұлғалар тарапынан орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Орындаушы жауапты болмайды.

5.3. Тапсырыс беруші келудің бірінші күнінде Қонақүйге келмеген және нәтижесінде Қонақүйге қоныстанбаған жағдайда Орындаушы жауапты болмайды.

5.4. Орындаушы ұсынылған қызмет көрсетудің Тапсырыс берушінің күтулеріне және оның субъективті бағалауына сәйкес келмегені үшін жауапты болмайды.

5.5. Орындаушы Тапсырыс беруші алдында ұсынылатын коммуналдық қызметтердің сапасына жауапты болмайды.

5.6. Орындаушы нөмірде және қонақүй аумағында қалдырылған немесе ұмытылған: Тапсырыс берушінің ақшасы, қымбат бұйымдар мен бағалы заттарының сақталуына жауапты болмайды. Егер ұмытылған заттар табылса, қонақүй әкімшілігі бұл туралы заттардың иесіне дереу хабарлайды. Егер ұмытылған затты талап етуге құқығы бар тұлға немесе оның тұрған жері белгісіз болса, Орындаушы полицияға табылған зат туралы мәлімдейді.

5.7. Тапсырыс беруші тапсырыста/өтінімде көрсетілген барлық тұлғалардың мүдделерін қорғайды және тапсырыста/өтінімде олар туралы хабарланған деректердің дұрыстығы үшін, барлық тұлғалардың тапсырысты/өтінімді төлеу және қонақүй қызметтерін көрсетуден бас тартқан жағдайда айыппұл төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, барлық міндеттемелерді орындауы үшін (қонақ үйге келмеуді қоса алғанда) Орындаушы алдында дербес жауапты болады.

6. Еңсерілмейтін күштің әрекеті

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер оларды орындауға осы жағдайлар кезінде Тараптар осы Шарт жасасқаннан кейін туындаған төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жай (еңсерілмейтін күш) кедергі келтірсе, жауапкершіліктен босатылады.

6.2. Осы Шарт бойынша Тараптардың бірінің міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде, ол құзыретті орган берген еңсерілмейтін күш жағдайларының басталу фактісін куәландыратын құжатты ұсына отырып, осындай жағдайлар туындаған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етуге міндетті. Бұл ретте осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар колданылған уақытқа мөлшерлес түрде ауыстырылады.

7. Басқа шарттар

7.1. Осы Шарт Орналастыру тараптарының ресімдеу процесі басталған сәттен бастап, атап айтқанда мыналардан бастап күшіне енеді:

- Тапсырыс берушінің белгіленген үлгідегі Сауалнаманы жеке толтыруы (немесе брондау нысанында қонақүй қызметтеріне тапсырыс беру (ауызша, телефон, жазбаша, пошта бойынша және т.б.);

- Тапсырыс берушінің ұсынылатын қызметтерді қолма-қол, н/сіз нысанда немесе Пос-терминал арқылы төлеуі;

- Орындаушының Тапсырыс берушіден ақша қаражатын алғанын растайтын белгіленген үлгідегі құжаттарды беруі.

7.2. Тапсырыс беруші кез келген сәтте Орындаушының қызметтерінен бас тартуға құқылы. Тапсырыс берушінің бас тартуы мұндай бас тарту сәтінен бастап оның алдындағы Орындаушының барлық міндеттерін тоқтатуға әкеп соғады.

7.3. Орындаушы осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

7.4. Орындаушы осы Шарттың талаптарын өзгертуге, алдын ала ескертусіз осы Шартқа жаңа Қосымшалар енгізуге құқылы. Тапсырыс беруші мұндай өзгерістердің мүмкіндігі туралы біле отырып, олар жасалатынына келіседі. Егер өзгерістердің күшіне ену уақыты қосымша айтылмаса, олар www.zhanaotel.kz Орындаушының сайтында жарияланған сәттен бастап немесе оларға қол қойылған және Қонақүйдің жалпыға қол жетімді орындарында орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Осындай өзгерістерден кейін Тапсырыс берушінің Орындаушының қызметтерін пайдалануды жалғастыруы Тапсырыс берушінің олармен келісуін білдіреді.

7.5. Осы шартқа байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен реттелмеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орындаушының орналасқан жері бойынша сотта кінәраттық тәртіпті міндетті түрде сақтай отырып, сот тәртібімен шешілуге тиіс. Кінәрат-талап жазбаша

түрде Орындаушының пошта мекенжайы бойынша жіберілуге тиіс. Кінарат-талапқа жауап беру мерзімі: алынған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн.

8. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері:

Фомин Д.А. ЖК

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қ., 10 -ш/а., № 2 үй, 45- пәтер.

Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қ., 4- ш/а., 84- ғимарат, «ЖаңаOtel» қонақүйі.

Тел: + (7292) 303-063, +7 (771) 813 32 63

E-mail: sales.zhanaotel@gmail.com; zhanaotel@mail.ru

ЖСН: 681110301405

ЖСК: KZ686017231000004963

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да

БСК: HSBKKZKX

Қонақүй басқарушысы



О.И. Цыган